

Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жарылғыш материалдардың транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 ақпан N 226

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына "Кумтор Оперейтинг Компани" компаниясы (Қырғыз Республикасы, Бішкек қаласы) үшін 2000 жылғы 7 желтоқсандағы N 03/2001-НВ келісім-шарты бойынша қосымшаға сәйкес мөлшерде "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы) беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Халықаралық темір жол жүк қатынастары туралы келісімге және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес ерекше қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, жүктің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы темір жол көлігімен транзиттік тасымалын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 14 ақпан
N 226 қаулысына
қосымша

Ескерту. Қосымша толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.11.14. N 1449
қаулысымен.

P011449_

"Кумтор Оперейтинг Компани" (Қырғыз Республикасы, Бішкек қаласы)
компаниясы үшін 2000 жылғы 7 желтоқсандағы N 03/2001-НВ
келісім-шарты бойынша "Нитро-Взрыв" (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы)
ашық акционерлік қоғамы жеткізетін тауарлардың саны

P/c! Тауардың аты ! Өлшем ! Саны ! Бірлігіне ! Жалпы бағасы АҚШ
N ! ! бірлігі ! ! бағасы ! долларымен
! ! ! ! АҚШ !
! ! ! ! долларымен!

1 ПДП - 600 ТУ килограмм 39991,2 3,15 125972,28
7276-002-
07510000-99
СЭҚ ТН коды
360200000
шашкалар

2. ! Шашкалар ПДП-600 ТУ ! Килограмм ! 39991,2 ! 3,5 ! 139969,2
! 7276-002-07510000-99 ! ! ! !
! ТН СЭҚ коды 360200000 ! ! ! !

Жүкті алушы: "Кумтор Оперейтинг Компани" компаниясы.
Шекарадан өту станциялары: Елек-1 - Луговая (Ресей Федерациясы -
Қазақстан Республикасы - Қырғыз Республикасы)
Бағытталған станциясы: Жыл-Арық Қырғыз темір жолы.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК